



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

4 қазан
сенбі
№75 (2187)
2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Енді аз ғана уақыттан соң жылу беру маусымы басталады. Қыстың қаһарлы суығына шыдап беру үшін жан-жақты дайындық қажет екені белгілі. «Жылу қазандығы жарылды», «мектеп жылымай тұр», «тұрғындар тоңды» деген секілді мәселелер болмас үшін жаздағы күрделі жөндеу жұмыстары тыңғылықты атқарылуы тиіс. Облыс орталығындағы нысандардың қысқы маусымға дайындығы қалай?



Digital Bridge – 2025: Қазақстанды цифрлық ұлтқа бастайтын қадам

Астанада Орталық Еуразиядағы ең ірі халықаралық технологиялық форум өтіп жатыр.

Форум аясында өтетін пленарлық отырысқа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Венгрия президенті Тамаш Шуйок қатысуда. Сондай-ақ жиынға арнайы келгендердің қатарында G42 International бас директоры (CEO) Мансур Ибрагим Әл Мансури, Telegram негізін қалаушы және бас директоры Павел Дуров, Стэнфорд университетінің ғылыми қызметкері, Google зерттеу директоры Питер Норвиг, Sinovation Ventures, 01.AI бас директоры (CEO) Кай-Фу Ли, Стэнфорд университетінің профессоры Илья Стребулаев, Solana Foundation президенті Лили Лю бар.

Digital Bridge 2025 форумның басты тақырыбы — «Generative Nation» (қазақша — «Генератив Ұлт»). Бұл ұран Қазақстанның тек технологияны тұтынушы елден оны өндіруші, экспорттайтын елге айналу жолындағы стратегиялық бағытын білдіреді және жасанды интеллект, озық технологиялар мен адами капиталға негізделген білім қоғамын қалыптастыруға назар аударады.

2-БЕТТЕ



ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Жыл сайын жылу қазандықтары мен жылыту құбырларын жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары қатаң сұралады. Бұл тұрғыда қаламызда дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Аймақ басшысының тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов қаладағы жылу беру маусымына дайындық барысымен танысты.

Қазір жергілікті билік алдында жөнделіп жатқан желілер мен нысандарды уақытында аяқтау міндеті тұр. Бүгінгі таңда Қызылорда жылу-электр орталығында 1 генератор мен 4 күштік трансформаторды жаңғырту жұмыстары аяқталған. Сондай-ақ 10 бу қазандығы мен 20 автономды қазандық жөндеуден өткен. Желілерді жаңғырту мақсатында Қызылорда қаласында 6 жоба іске асуда. Жұмыс жылу беру маусымына дейін

толық аяқталады деп жоспарланған. Сонда 81 мыңнан астам қала тұрғыны жылу энергиясымен тұрақты қамтылатын болады. Қазіргі таңда орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 909 көпқабатты тұрғын үй мен 1079 әлеуметтік нысан толық дайын.

Сонымен қатар жауапты сала басшыларына әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің әзірлігін қатаң бақылауда ұстап, қажетті отын қорын уақытылы жеткізу тапсырылған. Жоспарға сәйкес, алдағы маусымға 139 мың тонна көмір қажет. Оның 117 мың тоннасы халықтың, 22 мың тоннасы әлеуметтік нысандардың қажеттілігі. Өңірлік операторлар көмір қорын жасқтау жұмыстарын бекітілген кестеге сәйкес жүргізіп келеді.

«Ақмешіт-ақпарат»

5 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ

Марзия Дәулетбайқызы, Ж.Нұрманов атындағы №198 мектептің бастауыш сынып мұғалімі:

БІЛІМ НЕГІЗІ БАСТАУЫШТА ҚАЛАНАДЫ



Бастауыш білім – баланың болашақ тұлға болып қалыптасуының негізі. Ертеңгі азаматтың білімді, тәрбиелі болып өсуі дәл осы ең алғашқы ұстаз берген тәлімге тікелей байланысты. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, сапалы білім беру – ұстаздардың жауапты миссиясы. Осы орайда біз Ж.Нұрманов атындағы №198 мектептің бастауыш сынып мұғалімі Марзия Дәулетбайқызымен сұхбаттасып, бастауыштағы білім беру, логика мен шығармашылықты дамыту, ата-ана мен ұстаз байланысы және ұлттық тәрбие жайындағы ой-пікірлерін білген едік.

3-БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

Қызылорда қаласының қазақ елінің Астанасы болып, елге мәшһүр тарихи тұлғалармен танылып, алтын алашқа құтты қоныс болғанына да 100 жыл. Екі ғасырдан астам тарихы бар қасиетті өңірдің түкпір-түкпірінде ескі тарихтан сыр шертетін қасиетті орындар көп. Соның бірі – қазіргі көркемсурет галереясы орналасқан тарихи орын.



ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ОРДАСЫ

Ғимарат күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, іргетасы таспалы нығыздалған тастан қаланған. XIX ғасырдағы сәулет өнерінің деңгейін бейнелейді. 1884-1920 жылдары әскери казарма, 1920-1990 жылдары әскери комиссариаттың шақыру пункті, 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында реставрациялық жұмыс жүргізілген. 2005-2014 жылдары Қызылорда облысының мәдениет, тілдерді дамыту және қала құрылысы мен сәулет басқармасы орналасқан. 2014 жылы тарихи ескерткіштер тізіміне енген бұрынғы

әскери комиссариат ғимараты күрделі жөнделіп, облыстық тарихи-өлкетану музейінің филиалы көркемсурет галереясы болып ашылды. 2019 жылы көркемсурет галереясы филиалына кескіндемеші, график-суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Салихитдин Айтбаевтың есімі берілді. Қазіргі уақытта ғимарат Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің төңірегінде.

2-БЕТТЕ



«ҚАЙТАДАН»: Отандық киноның жаңа белесі

Соңғы жылдары отандық киноға деген сұраныс айтарлықтай арта түсті. Бес жыл бұрынғы статистикаға көз жүгіртсек, қазір көрермен талғамының айтарлықтай өскені аңғарылады. Кинотуындылардың идеясы, актерлердің шеберлігі мен сапасы жана деңгейге көтерілді. Арзан күлкі мен мазмұнсыз оқиғаларға құрылған фильмдер өзектілігін жоғалтса, керісінше көрерменге ой саларлық, мазмұн мен сапасы үйлескен картиналарға қызығушылық артты. Осы орайда соңғы уақытта көптің көңілінен шыққан, отандық кино-прокатта олжа салған фильмдерді зерттеп көруді жөн санадық. Бұл туындылар несімен ерекше.

4-БЕТТЕ



Digital Bridge – 2025: Қазақстанды цифрлық ұлтқа бастайтын қадам

Форум аясында жасанды интеллект пен технологиялардың Қазақстанға білімге негізделген қоғам құруға және болашаққа нық қадам басуға қалай көмектесетінін талқыға түсуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев форумның пленарлық отырысында сөз сөйлеп, шараға қатысуға арнайы келген меймандарға ризашылығын білдірді.

– Бүгінде Digital Bridge өте маңызды пікір алмасу алаңына айналды, бұл жерде жаһандық өзгерістер мен цифрлық экономиканың болашағы туралы өзекті ойлар айтылып, маңызды бастамалар көтеріледі. Осы уақыт ішінде форум жұмысына 67 мыңнан аса адам, 500-ден аса IT-компания және 100 елдің өкілі қатысты. Қазақстан Еуразиядағы негізгі цифрлық хаб ретінде алдағы уақытта да осы маңызды

біз елімізде екінші суперкомпьютер кластерін іске қосуды жоспарлап отырмыз. Жасанды интеллект тек игі мақсатқа қызмет етуі керек. Адам игілігі басты орында тұрады. «Alem.ai» жасанды интеллектіні барынша тиімді әрі этикалық нормаларға сай қолданатын жаһандық орталық болуға тиіс. Жасанды интеллект технологиясын жауапкершілікпен қолдану өте маңызды. Сондықтан жаңа университет және «Alem.ai» орталығы біртұтас экожүйенің негізгі өзегі ретінде қызмет етуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент «Digital Bridge» өте маңызды пікір алмасу алаңына айналғанын, әрі мұнда жаһандық өзгерістер мен цифрлық экономиканың болашағы туралы өзекті ойлар айтылатынын атап өтті.



жұмысты жалғастыра береді. Қазір жаһан жұртшылығы жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Озық технологияның жарқынмен дамуы саясатқа, экономикаға және миллиардтаған адамның өміріне тікелей әсер етіп жатыр. Бұған бәріміз куә болып отырмыз. Сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллекттің дамуына кейінгі жылдары дүние жүзі бойынша 1 трлн доллардан артық инвестиция салынған (Gartner). Ал аталған саланың әлемдік экономикаға қосатын үлесі таяу онжылдықта 7 трлн долларға дейін жетуі мүмкін (Goldman Sachs). Өйтсе де мұндай оң нәтижеге аталған технологияны жауапкершілікпен пайдаланған кезде қол жеткізуге болады. Қазіргі таңда жасанды интеллект саласындағы жауапкершілік туралы қызу пікірталас жүріп жатыр. Әсіресе ортақ реттеу ережелерін түзу және барлық елдің озық технология мен ресурстарға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша назар аударылып отыр. Біздің міндетіміз – жаңа технологияны адамзат игілігіне пайдалану, оны прогресс пен ынтымақтастықтың қозғаушы күшіне айналдыру, – деді Президент.

Президенттің биналғы Жолдауы цифрландыру және жасанды интеллект мәселесіне арналды. Жолдауда нақты міндеттерді алға қойды. Оның ішінде Қазақстан үш жылдың ішінде цифрлық елге айналуы тиіс. Осы мақсатта Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды.

Форумда Мемлекет басшысы елімізде жасанды интеллектті бейбіт мақсатта ғана қолданылуға тиіс екенін айтып өтті. Оның әскер салада, кибершабуылдарға және халықаралық тұрақтылыққа қатер төндіретін жобаларда пайдаланылуына жол беруге болмайды.

– БҰҰ Бас Ассамблеясының таяуда өткен сессиясында мен Қазақстанның Ұйым аясында Жасанды интеллектті басқару жөніндегі жаһандық диалог жұмысына атсалысуға дайын екенін растадым. Біз серіктестеріміздің бастамаларын, соның ішінде Қытайдың ЖИ саласындағы жаһандық ынтымақтастық ұйымын құру туралы ұсынысын қолдаймыз. Кеше Астанада Жасанды интеллекттің дамыту жөніндегі кеңестің бірінші отырысы өтті. Жиында білім беру мәселелері қаралды. Әлемге танымал сарапшылармен бірге адам капиталын дамыту мәселесі талқыланды, нақты міндеттер белгіленді. Ең бастысы, жасанды интеллект саласындағы тұңғыш зерттеу университетін құру туралы өте маңызды шешім қабылданды. Сондай-ақ бүгін «Alem.ai» халықаралық жасанды интеллект орталығы өз жұмысын бастайды. Бұл орталықты инновациялар мен тың идеялардың мекені деуге болады. Жалпы, Қазақстан осы саладағы кез келген ынтымақтастыққа ашық. Сондай-ақ

Мемлекет басшысының айтуынша, қазір әлем жұртшылығының алдында жасанды интеллекттің болашағына қатысты түрлі таңдау тұр. Оның кейбірі шексіз мүмкіндіктерге жол ашады. Ал енді бірі үлкен сын-қатерлерге душар етуі мүмкін. Дегенмен бір нәрсе анық – келешегіміздің қандай болары біздің бірлесіп әрекет ете білуімізге байланысты.

– Жасанды интеллект – қазіргі заманның ақиқаты. Алдағы жылдары да адамзат дамуының негізгі бағдары жасанды интеллектіге тікелей байланысты болатыны анық. Сондықтан келесі жылдан бастап форумды «AI Bridge» деп атаған жөн деп санаймын. Бірақ форумның мақсат-міндеті өзгермейді. Осы бірегей алаң технология саласындағы алпауыттар мен түрлі стартаптар, бизнес пен ғылым, мемлекет пен азаматтар арасындағы дәнекер болып қала береді. Форумның жаңа бағдары халықаралық ынтымақтастыққа тың серіп беріп, жасанды интеллектті халқымыздың игілігі жолында тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Жасанды интеллекттің «жаны» (эмпатия) әзірше жоқ. Адамзат жасанды интеллектінің игілігін көруі керек. Заманауи технологиялар қаншалықты озық болса да, адамның ой-санасы одан да жүйрік болуы қажет, яғни адам бұл тұрғыдан машинаның артында қалмауы керек. Осы мәселе бойынша көптеген тұжырым пайда болуда, тіпті, қызу пікірталас жүріп жатыр. Бұл істе философия, мәдениет және білім айрықша рөл атқарады. Басқа сөзбен айтқанда, адамның шексіз әлеуеті және озық технологиялардың бірегей мүмкіндігі ұштасқанда ғана жарқын болашаққа даңғыл жол ашылады, – деді Президент.

Жаһандық технологиялық үдерістерден қалыс қалмау және оған бейімделу Қазақстан үшін уақыт талабы. Digital Bridge 2025 халықаралық форум еліміздің цифрлық трансформациядағы бағытын айқындайтын алаңға айналды. Сарапшылардың айтуынша, ЖИ алдағы жылдары экономиканың барлық секторын түбегейлі өзгертпек. Қазақстанда бұл бағытта кешігіп қалмау үшін мемлекеттік қызметтерді автоматтандырудан бастап, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесіне дейін жасанды интеллектті енгізуді жоспарлауда.

Digital Bridge 2025 – бұл жаңа форум емес, Қазақстанның болашақтағы даму бағытын айқындайтын стратегиялық қадам. Жасанды интеллект, цифрлық экономика, білім беру, smart қалалар, стартаптар мен киберқауіпсіздік – еліміздің жаңа технологиялық дәуірге батыл қадам басуы үшін басымдық берілетін салалар.

Қазақстан бұл форум арқылы тек өз ішкі нарығын дамытып қана қоймай, бүкіл өңірдің цифрлық орталығына айналуға ниетті.

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ОРДАСЫ

Бұл ғимарат қаладағы іргесі бұзылмаған, сәулеті келіскен, талай ғасыр жүгін көтерген құнды жәдігер десек қателеспейміз. 2014 жылдан бері мұнда жергілікті қылқалам шеберлерінің туындылары елге насихатталып, ұлттық өнер ұлықталуда. Галерея қорында елімізге белгілі суретшілер Ә.Қастеев, Г.Хлудов, Г.Исмаилова, А.Ғалымбаева, С.Сенчихин, Қ.Мамақов, Қ.Қожықов және Қазақстан бейнелеу өнеріне өзіндік үлес қосқан, жергілікті қылқалам шеберлерінің қолынан шыққан 1000-нан астам туындылар сақтаулы.

Мұнда әртүрлі дәуірлер мен бағыттардағы суретшілердің кескіндеме, графика, мүсін және сәндік-қолданбалы өнер туындылары жинақталып, көрме ұйымдастырылады.

Салихитдин Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының меңгерушісі Кенжегүл Ахметованың айтуынша, Қызылорда қаласының Астана атанғанына 100 жыл толуына орай бірқатар тағылымды шара өткізіліп, келушілерге насихатталған.

– Галереяның да мақсаты ғасырдан жеткен өнер туындыларын ел назарына ұсыну, өнер арқылы рухани құндылықтарды насихаттау, отандық және шетелдік өнер иелерінің шығармашылығын таныстыру, жас ұрпақты эстетикалық тәрбиеге баулу. Галереяда тұрақты және уақытша көрмелермен қатар, шеберлік сыныптары, экскурсиялар, дәрістер, шығармашылық кездесу өткізіледі. Бұл жер тек өнер туындыларын тамашалау орны ғана емес, шығармашылық шабыт алатын, жаңа идея туындайтын рухани орта, – дейді Кенжегүл Құлбаракқызы.

Оның айтуынша, Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-нің астанасы болғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан Республикасы суретшілер одағының Түркістан Суретшілер одағы филиалы суретші-кескіндемешілерінің «Кеме» атты жылжымалы көрмесі өткен.

Шынында Қызылорда ғасырдан сыр тартатын, келешегінің кемелдігін анғартатын Алаштың анасы ғана емес, айбары десек жарасымды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда өткен Ұлттық құрылтайда Сыр еліне ерекше тоқталды.

Тарихқа көз жүгіртсек, Ақмешіт Астана болып, Қызылорда атанғанда 1925 жылы V съезд өткен. Енді міне келер жылы Қызылордада V құрылтай өткелі тұр. Қызылорданың Астана болған кезеңінде Сыр өңірінде небір тарихи шешімдер қабылданған. Соның бірі – құжат жүзінде қазақ атауының ресми қайтарылуы және Ақмешітке Қызылорда атауының берілуі.

Басы 1-бетте

ЖОБА

Қызылорда қаласы бойынша арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

«Қазақстан Республикасының Салық кодексі» 2025 жылғы 18 шілдедегі №214-VIII Қазақстан Республикасы Кодексінің 726-бабына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІТІ:

- Қызылорда қаласы бойынша арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілсін.
- Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Лауазымы

Аты-жөні

«Қызылорда қаласы бойынша арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» Қызылорда қалалық мәслихаты шешімінің жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№	Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші-мемлекеттік органның ақпараты
1	Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» КММ
2	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері	«Қазақстан Республикасының Салық кодексі» 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII Қазақстан Республикасы Кодексінің 726 бабына және Қызылорда қалалық мәслихатының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 01-19/562 ұсыныс хатына сәйкес.
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тіісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қос беріледі)	Жобаны қабылдау жергілікті бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді
4	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы	АСР мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға төмендету бизнес-ахуалды жақсартуға ықпал ететін болады, салықтық жүктеме, бизнесті заңдастыру және кәсіпкерлік сектордың іскерлік белсенділігін арттыру
5	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері	АСР мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға төмендету бизнес-ахуалды жақсартуға ықпал ететін болады, салықтық жүктеме, бизнесті заңдастыру және кәсіпкерлік сектордың іскерлік белсенділігін арттыру
6	Жобала қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер	Талап етілмейді
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнамамен оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілген-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы	Талап етілмейді
8	Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны)	Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жарияланды
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат	Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми сайтына жарияланды
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі	Талап етілмейді
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері	Талап етілмейді

«Қызылорда қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы М.ЖЕТИЛГЕНОВ



– Адамзат өркениетімен бірге жасасып келе жатқан, тұма бастауын ғасырлар қойнауынан алатын Сырдың қасиетті де, қастерлі топырағы талай талантты тұлғаларды дүниеге әкелген алтын бесік. Мәдениеті дамыған оңтүстік өлкенің екі облысының арасында қылқалам шеберлерінің көрмесі көпшілік назарына ұсынылғаны өркениеттің орлегені деп білемін. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Түркістан облысының тарихы мен мәдениеті ежелден бері дәстүрге бай. Түркістан тек қазақ ғана емес, күллі түркі жұртының қасиетті мекені. Бейнелеу өнері мен суретшілерді көпшілікке таныту және мың жылдық тарихы бар көне Түркістан шаһарының тарихи-мәдени орындарын, өңірдің көркем табиғатын пейзаж тілінде сөйлетіп, жаңаша тыныс беру мақсатында Сыр топырағына ат басын бұрып көшпелі көрмесін әкеліп, көпшілікке рухани шабыт сыйлады, – дейді көркемсурет галереясының жетекшісі.

Қазіргі уақытта Қызылорданың Астана атанғанына 100 жыл толу құрметіне орай көркемсурет галереясында Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, «Құрмет» ордені мен «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иесі, тек елімізге ғана емес шет мемлекеттерге танымал суретші, мүсінші Аманкелді Кененбаевтың сурет көрмесі өтуде.

Рухани байлық пен өнегелі өнер тоғысқан бұл ғимарат қылқалам шеберлерінің ордасына айналды. Мұнда тек облыстық шеңберде ғана емес, республикалық деңгейдегі шаралар жиі ұйымдастырылады.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ПРОЕКТ

О понижения размера ставки налогов при применении специального налогового режима по городу Кызылорда

В соответствии статьи 726 Кодекса Республики Казахстан от 18 июля 2025 года №214-VIII «Налоговый Кодекс Республики Казахстан», Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

- Понизить размер ставки налога при применении специального налогового режима по городу Кызылорда с 4 процентов до 2 процентов.
- Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА к проекту решенияКызылординского городскогомаслихата «О понижении размера ставки при применении специального налогового режима по городу Кызылорда»

№	Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа-разработчика
1	Наименование государственного органа-разработчика	КТУ «Кызылординский городской отдел предпринимательства и промышленности»
2	Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Аппарата Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия	В соответствии статьи 726 Кодекса Республики Казахстан от 18 июля 2025 года № 214-VIII «Налоговый Кодекс Республики Казахстан», письмом Кызылординского городского маслихата № 01-19/562 от 11 сентября 2025 года.
3	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке)	Принятие проекта не требует дополнительных затрат из республиканского бюджета
4	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности	Снижение ставки СНР с 4 на 2% будет способствовать улучшению бизнес - климата, снижению налоговой нагрузки, легализации бизнеса и повышению деловой активности предпринимательского сектора
5	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Снижение ставки СНР с 4 на 2% будет способствовать улучшению бизнес - климата, снижению налоговой нагрузки, легализации бизнеса и повышению деловой активности предпринимательского сектора
6	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации	Не требуется
7	Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости	Не требуется
8	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт)	Опубликовано на интернет-портале открытых нормативных правовых актов
9	Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющего социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов	Опубликовано на официальном сайте акимата города Кызылода
10	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан	Не требуется
11	Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта	Не требуется

Руководитель КТУ «Кызылординский городской отдел предпринимательства и промышленности» ЖЕТИЛГЕНОВ М.

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

– Бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, әр баланың дарынын анықтау үшін қандай әдіс-тәсілдер қолданасыз?

– Бастауыш сынып мұғалімі ретінде әр баланың болашақта қоғамға пайдасы тиетін, өз айтары бар жеке тұлға болып қалыптасуы үшін үнемі ізденісте жүремін. Оқушы алдыма келген алғашқы күннен бастап оның ойлау қабілетін арттыруға күш саламын. Ол үшін күнделікті сабақта түрлі шығармашылық идеялар енгізіп, логикалық тапсырмалар орындатамын. Әр жаңа аманаттап тапсырып отырған баланың дарынын жан-жақты тапсырмалар арқылы байқап, ашуға тырысамын. Мысалы, балаларды мектепке қабылдамай тұрып, тамыз айында алғаш сыныпқа келген кезде оларға түрлі ойындар ұсынамын. Бұл уақытта көп баланың жазу-сызуы әлі қалыптаса қоймағанымен, осындай ойын арқылы кімнің математикаға бейімі барын, кімнің әдемі жазуға икемі немесе мәтінді тез түсіну қабілеті барын көріп қаламын. Сол арқылы әрқайсына қажет бағыт беремін. Жақында өзім ойлап тауып, қол моторикасын дамытуға арналған жаңа ойынды да іс-тәжірибеме енгіздім.

– Сабақтан тыс оқушылардың қабілетін дамыту мақсатында арнайы жобаларды жүзеге асырып жүргеніңізді білеміз. Осы туралы айта кетсеңіз.

– Иә, 1-сыныптан бастап сабақтан тыс уақытта оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, қабілеттерін тану үшін бірнеше жобаны іске асырдым. Атап айтсам, ұлттық құндылықтарға негізделген «Ең үздік асық жинаушы», «Бұрымды ару», «Аспаз мектебі» сынды сыныптық жобаларымыз болды. Бұл шағын жарыстар арқылы балалардың өнерге, дәстүрге деген қызығушылығы оянып, әрқайсысы түрлі қырынан көрінуге мүмкіндік алды. Қазіргі таңда сыныбымыздағы математикадан үздік үлгерім көрсетіп жүрген әрі шахматпен шұғылданатын бірнеше баланы қатыстыра отырып, жаңа ғылыми жоба басталғы жатырмыз. Мұнда да басты мақсат – оқушылардың зеректігін арттыру және ізденіс дағдысын ерте қалыптастыру.

– Шәкірттеріңіздің жетістіктері де көңіл қуантады. Оқушыларыңыз қандай жарыстарға қатысып, нәтиже көрсетіп жүр?

– Оқушылар түрлі білім және өнер сайыстарына қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. Мектепшілік, халықаралық байқауға, қалалық, облыстық деңгейдегі көркемөз оқу, сурет салу, ән айту, күй тарту секілді өнер байқаулары мен математикаға негізделген шахмат турнирлеріне тұрақты түрде қатысып жүр. Айрықша атап өтетін жетістігіміз – сыныбымызда шахматқа ерекше қабілеті бар Сәулбек Зейін есімді оқушымыз биыл екінші халықаралық шахмат фестивалінде жүлделі үшінші орынды иеленіп, еліміздің қоржынына медаль салды. Жалпы, балалардың осындай табысқа талпынуы үшін мен күнделікті үй тапсырмасынан бөлек, түрлі ойын-жаттығулар арқылы олардың қызығушылығын арттыру нәтижесі. Шәкіртке сабаққа деген сүйіспеншілік ұялатып, ынтасын арттырсаң, оның талабы да жанып, жарыстарда шыңдалады деп есептеймін.

– Бастауыштағы баланың білімі мен тәрбиесінде ата-ана ролі туралы не айтасыз? Әсіресе, әке мен ананың балаға бірдей көңіл бөлгені қаншалықты маңызды?

– Бастауыш сынып оқушысының сабақ үлгерімі мен тәрбиесі тек мұғалім жауапкершілігінде емес, ата-ана тарапынан қадағалау маңызды. Сол үшін ата-аналарға балаға бастауышта ерекше көңіл

Марзия ДӘУЛЕТБАЙҚЫЗЫ,
Ж.Нұрманов атындағы №198 мектептің бастауыш сынып мұғалімі:

БІЛІМ НЕГІЗІ БАСТАУЫШТА ҚАЛАНАДЫ



бөлу қажет. Әкесі де, анасы да кешкілік уақыт тауып, баланың сабағына бірге назар аударып, оның зейіні мен қабілетін бақылай білсе, оқуға деген қызығушылығы ұзақ уақыт сақталып, әрі өзі ізденіп оқуға бейімделеді. Ең бастысы, ата-ана баласының мүмкіндігін үнемі қолдап, дұрыс бағыт беріп отырса, ата-анаға қосымша салмақ салмай-ақ, сабақты жүйелі түрде меңгеріп кете алады.

– Оқу бағдарламасынан бөлек, ұлттық тәрбие мен баланың сөйлеу мәдениетіне де баса мән беретінінзді байқалық. Неліктен бұған ерекше көңіл бөлесіз? Жалпы, балаға қандай құндылықтарды сіңіруге тырысасыз?

– Мен үшін балаға біліммен қатар тәрбие беру – ең негізгі міндет. Шәкірттерім бастауышты тәмамдаған соң қоғамда өз орны, өз үні бар азамат болып қалыптасса екен деп армандаймын. Олар тек мектеп бітіріп шығуды емес, ертен қоғамда пайдалы іс атқаратын, өз пікірін жеткізе алатын тұлға болуды мақсат тұтса деймін. Сондай-ақ әр оқушының ата-анасымен қарым-қатынасы жарасымды, үлкенге құрмет көрсететін және ең бастысы, сөйлеу әдебі мәдениетті болғанын қалаймын. Осы мақсатта ең алдымен мектепші тағалымын аттаған күннен бастап балаларға қарапайым әдеп ережелерін үйретуден бастаймын. Мәселен, дастарқан басында дұрыс отыру, үй ішіндегі үлкен-кішімен татулықта болу,

достықты нығайту, айналадағы жаналықтардан хабардар болу сияқты дағдыларды күн сайын назардан тыс қалдырмаймын. Сонымен бірге үлкенді сыйлау, ата-әженің ақалын тыңдау, ата-ананың қағидаларын орындау сынды ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруге ерекше көңіл бөлемін. Мұның барлығы баланың тұлға ретінде дұрыс қалыптасуына және ұлттық сана-сезімінің беріктігіне негіз болады деп сенемін.

– Көп балалы ана ретінде отбасы тәрбиесі мен кәсіби дамуың қандай қатар алып жүресіз? Үнемі ізденісте болып, әріптестерге де тәлім беріп жүргеніңіз белгілі.

– Көп балалы анамын. Сонымен бірге ұстаздық жолда үздіксіз үйреніп, кәсіби өсуімді тоқтатқан емеспін. Дегенмен отбасымың орны әрқашан бөлек. Уақытымын негізгі бөлігін жанұяма арнап, өз балаларымның тәрбиесіне мән беремін. Өйткені басқа ата-аналардың аманат етіп маған тапсырған балаларына сапалы білім беруім үшін ең алдымен өз отбасыма үлгілі тәрбие қалыптастыруым қажет деп санаймын. Балалардың жетістіктері қалай артады деген сұраққа үнемі жауап іздеп жүремін. Өз білімімді шыңдау үшін түрлі психологиялық семинар-тренингтерге қатысып, қосымша курстар оқуға тырысамын. Сонымен қатар өзім секілді аналармен пікірлесіп, тәжірибе алмасу мақса-

тында аналар клубтарына, қауымдастық жиындарына қатысып отырамын. Үлкен ортада ұйымдастырылған іс-шараларда спикер ретінде сөз сөйлеуден де қалыс қалмаймын, білгеніммен бөлісуге әрдайым әзірмін. Мәселен, жуырда өз тәжірибемнен «Балалықтан чемпиондыққа» атты жоба әзірлеп, Тамыз конференциясында қорғап шықтым. Бұл бастама негізінен «Оқушылардың жетістікке жетуіне бастауыш сынып мұғалімінің үлесі қандай?» деген сұраққа жауап іздейді. Жоба аясында шәкірт бойындағы қабілетті ерте танып-білудің маңызы зор екенін көрсетіп, осы қасиеттерді ашуда бастауыш мұғалімінің еңбегі ерекше екенін дәлелдеуге тырыстым. Өз әріптестерімен осы жобамның нәтижелерін бөлісіп, көпшіліктің талқысына ұсындым.

– Өзіңіздің бала кезіңіз-дегі отбасы тәрбиесі ұстаздық көзқарасыңыздың қалыптасуына ықпал етті ме? Бұл жолда үлгі болған отбасылық тұлғалар бар ма?

– Әрине, адам болып қалыптасуыма ықпал еткен ең алғашқы орта – өз отбасым. Ең алдымен әкемнің үлгісі көп нәрсеге жетеледі. Әкем ауылдағы мектепте он жылдық білімді үздік тәмамдаған жан еді. Жуырда әкемнің көнерген аттестатын тауып алып қарасам, барлық пәннен бес деген баға алғанын көріп, марқайып қалдым. Ал менің атам Мұсалы Дүсенбай соғис және еңбек ардагері, аудан мен облыстың құрметті азаматы болатын.

Қазір ауылымызда бір көше және өзім оқыған мектептегі бір сынып атамның атымен аталады. Жалпы, біздің әулетте ұстаздық жолын қуған жандар аз емес, көпшілігі облыс көлемінде құрметке бөленген ұстаздар. Атамның мені бала кезден білімге баулуы өмірімде ерекше орын алады. Ол кісі кішкентай кезімнен мені әдебиет әлеміне жетеледі. Қолыма Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын ұстатып, бірге оқып шығатынбыз. Кейін балаларға арналған газет-журналдарды үзбей жаздырып беріп, күндіз-түні бірге кітап оқып, оқығанымызды талқылап отыратын едік. Жас болсам да, атаммен бірге күрделі шығармаларды талдап, пікір алмасудан жалықпайтынмын. Атам менің математикаға құмар екенімді ерте байқап, физика пәнінен қиын есептерді бірге шешетінбіз. Мен есептің шешу жолын жазып отырсам, атам әр қадамын ауызша түсіндіріп беретін. Осындай тәрбиенің, осындай мүмкіндіктердің арқасында менің білімге деген құштарлығым арта түсті. Бастауыштағы алғашқы ұстазым Серіккүл Мырзаймова аяйым-а айтар алғысым шексіз. Сол кісінің тәлімі мен негізін қалаған білімі арқасында кейін түрлі пәндік олимпиадаларға қатысып, жетістіктерге жеттім. Мектеп қабырғасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тереңдетіп үйреткен, әрі мамандық таңдауымда үлгі бола білген ұстазым – қазіргі таңда қаламыздағы беделді мектептің директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлшат Ахметжанова. Жалпы, Алматы мен Қызылорда қалаларында білім алған жылдарымда жолықтырған көзі ашық, білімдар, талантты жандар көп болды. Сол барлық ұстаздарыма, бағыт берген ағай-апайларыма жүрегімде әрдайым құрмет пен алғысымды сақтаймын.

– Жас мұғалімдерге өзіңіз қандай кеңес берер едіңіз? Қазіргі бастауыш сынып ұстазы қандай болуы керек?

– Қазіргі заман талабына сай, бастауыш мұғалімі жан-жақты болуы тиіс. Мұғалім тек математиканы жетік меңгеріп, әдебиет пен тілге шорқақ болса, үлкен кемшілік. Яғни ұстаз әр пәннен белгілі бір деңгейде білімі болуы қажет. Сонымен қатар жас ұстаздардың сөйлеу әдебі түзу, жалпы мәдениеті жоғары болғаны жөн. Балалармен қарым-қатынаста да, қоғаммен байланыста да мұғалімнің орны ерекше екенін ұмытпаған дұрыс. Мұны мұғалім тек сабақ үстінде ғана емес, күнделікті өмірде де көрсете білуі қажет. Мысалы, бала ең алдымен өзінің толық аты-жөнін, тұрғылықты мекен-жайын жатқа білуі тиіс. Жол жүргенде ұшақта, пойызда немесе басқа ортада біреу бірінші сынып оқушысынан сұрақ қойса, ол өзі туралы еркін жауап беріп, қажет ақпаратты айта алатындай деңгейде болғаны дұрыс. Сондай-ақ кішкентайынан ауа райы, апта-күн реттілігі секілді қарапайым мәліметтерден хабардар болып өскені жөн. Осындай білімді балаға үнемі үйретіп отыру – бастауыш мұғалімінің басты міндеті. Сонда ғана шәкірт жан-жақты, ой-өрісі кең болып қалыптасады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
София ХАЙРУЛЛА

Ғалым да, шахтер де бас иетін,
Ұстазым бар сенің қасиетің.

Білім берген, ой берген, ақыл берген.

Көз алдымнан кетпейді асыл бейнен деген өлең жолдары көз алдымызға мәртебелі мамандық несі ұстаздың бейнесін алып келеді. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиетті бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Десе де, бала жүрегіне ерекше жол табатын ұстаздың да ұстазы бар. Осындай аяулы жанның бірі – «Сейітбек Шаухаманов атындағы №9 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының география пәні мұғалімі Ләззат Құлымбетова.



ШӘКІРТ ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН ҰСТАЗ

Мектепте шәкірттерге ширек ғасыр дәріс берген ұстаздың өткен әр сабағы оқушыға шабыт сыйлайды. Әр құрлықтың ерекшеліктерін көрнекі заманауи бейне-баянмен суреттеуге ерінбей, оқушының жан әлемін қызықтыра откен жаңа сабағын шәкірттері ерекше ынталмен тыңдап, зердесіне құйып алады.

– Түсіне білгенге география пәні өте қызық. Әр тарауды өткенде әлемдегі материктердің құпиясын, табиғаттың тылсым күшін түсіндіру үшін баланы сан түрлі тәсілмен баурап алсаң, зейінін өзіне аудара білсең, сабақ үстінде түсініп, көз жүгіртіп бір оқығаннан айтып беретін ұғымтал оқушылар бар. 25 жыл тәжірибем болғасын оқушының психологиясын танып, әр баламен жеке жұмыс істеймін. Ұстазға ең бірінші педагогикалық шеберлік, оқушымен тіл табыса білу керек. Сол кезде диттеген мақсатыңа жетіп, сабақ жоспарың сәтті орындалады. Ұстаз мамандығына келуінің сыры отбасында ата-анам мен апаларымның ұстаз болып қызмет атқаруы, яғни ұстаздар отбасында дүниеге келуім. Менің отбасымда әкем де, анам да ұстаз болған. Өзім де сол ұрпақтар сабақтастығын сақтап келемін. Әкем Тынымқұл Құрманбайұлы Сырдария ауданы Айдарлы ауылындағы №139 орта мектепте 42 жыл физика-математика пәнінен сабақ берген облысқа танымал ұстаздардың бірі. Өз мамандығымызға адал болуды әкеміз бен анамыз үйреткен. Сол кісілердің сара жолын жалғап келемін. Ұстаз бақыты – шәкірттеріміздің жетістігін көріп, қуана білу және шәкіртіңіз ұстазға деген құрметі, – дейді ұстаз бізбен әңгімесінде.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің түлегі Ләззаттың еңбек жолы көптеген ұстаздарға өнеге боларлықтай. Тынымсыз еңбегінің арқасында ол талай биікті бағындырып, озаттар қатарынан көрінді.

Ләззат Құлымбетова «Үздік педагог – 2022» байқауының жеңімпазы. Қызылорда қаласы әкімінің, облыстық білім басқармасының, «Дарын» қосымша білім беру орталығының, Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталған. Сонымен қатар облыс әкімінің «Білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін», Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері»

өлеулі екенін ел біледі. Еселі еңбегімен өзін сан қырынан дәлелдеп жүрген ұстазға әсіресе дамуына зор үлес қосып, сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолындағы табысты жетістіктері үшін қаржылай сыйақы иеленіп, шетелдегі білім форумына жолдама алды. Жыл сайын «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық

қоры ұйымдастыратын мұғалімдер арасындағы пәндік емтиханнан жүлделі орынмен оралауда.

Ұстаз еңбегінің жемісі үздік оқушылар екені белгілі. Осы кезеңге дейін білікті ұстаздан білім алған шәкірттер пәндік олимпиаданың қалалық, облыстық, республикалық кезеңдерінен үздік шығып, ұстаз мерейін асқартып келеді. Быылдың өзінде жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен 10-сынып оқушысы Орынбек Ахмет I орын, облыстық кезеңінен 10-сынып оқушысы Айтмахан Ақниет I орын, республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен 9-сынып оқушысы Темірбек Қуаныш II орын, республикалық кезеңінен 11-сынып оқушысы Орынбек Ахмет II орын, облыстық кезеңнен 11-сынып оқушысы Орынбек Ахмет I орын, облыстық кезеңнен 9-сынып оқушысы Қылышбек Әлидар II орын алып, өздерінің терең білімін дәлелдеді.

Ізденімпаз, тәжірибелі ұстаз мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Өзінің ұзақ жылғы тәжірибесін мектептерге таратуда. 2024 жылы авторлық бағдарламасымен «Материктер мен мұхиттар географиясы» атты әдістемелік көмекші құралы жарық көріп, ұстаздардың сұранысына ие болды. Әр жылдары облыстық семинарлар мен педагогтардың тамыз конференциясында маңызды баяндама жасап, іс-тәжірибесімен бөлісіп келеді.

Оз бақытын ұстаздықтың ұлы жолынан тапқан іскер, жанашыл педагогтың алға қойған мақсаттары көп.

– Қазақстанда жасанды интеллект (ЖИ) бүгінде ғылыми зерттеулердің тақырыбы. Оны сабақта қолдану әдісін үйренудемін. Оқушылар арасында ЖИ-ге қызығушылық жоғары. Оларға дайын жауап табу ғана емес, түрлі қосымша арқылы тапсырманы талдау, жаңа идея ұсыну, тіпті жобалық жұмысты жетілдіруге ыңғайлы. Бірақ дәл осы артықшылық кейде теріс пайдалануға да әкелуі мүмкін. Сондықтан мұғалімнің бақылауы мен бағыт-бағдары арқылы ЖИ қолдану аса маңызды, – дейді білікті ұстаз.

Жақсы ұстаз – оқушы білімінің шамшырағы. Ұстаздар қауымына біліктіліктен өнеге көрсетіп жүрген Ләззат Құлымбетованың білім саласына сіңірген еңбегі елден елге таралып жатыр. Еселі еңбегімен өзін сан қырынан дәлелдеп жүрген ұстазға әсіресе дамуына зор үлес қосып, сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолындағы табысты жетістіктері үшін қаржылай сыйақы иеленіп, шетелдегі білім форумына жолдама алды. Жыл сайын «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ
ҚАРА СӨЗ

Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы қасиби оны білмек керек.

Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – қасиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады.

Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшкі өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек.

Ол – жанның жибили қуаты дүр, бірі ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлжейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады.

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиганы бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиган нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл حرکتке түсінген адамды ақылды дейміз.

«Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» демек, «құдай тағала сеніменен мені бірдей жаратып па?» демек – құдай тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы. Бұл – ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі.

Оған құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсенді ескерме, есіңе сақтама деп пе? Ойын-күлкімен, ішпек-жемек, ұйықтамақпен, мақтанмен әуре бол да, ішіндегі қазынаңды жоғалтып, хайуан бол деген жоқ.

Кейбіреулер айтады: «Ақыл жибили болмаса да, талап – жибили. Талап берген адам ақылды тапты, талабы жоқ кісі таба алмады», – дейді. О да бекер.

Талап балада да бар, оған талас қылуға болмайды. Бағана айттық қой, жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зорайды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнерінің жоғалғандығын және өзінің ол мезгілдегінен бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: «ал, мен жоғалдым» деп, хабар беріп жоғалады. Енді қуасң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

Жан қуаты дейтұғын қуат – бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды. Бірақ әрбір өнердің тыстан тауып алып, ішке салғанын, соның тамырын берік ұстап тұруға жарашуы еді. Көп заман ескермеген адамнан ол бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады. Онан соң қайта кәсіп қылуға болмайды.

Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зинар соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам ұғылы хайуан болды, адамшылықтан шықты.

Біреуі орысша «подвижной элемент» – деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, не есітдің, әрнәшкі білдің, соны тездікпенен ұғып, ұқпандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барды, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозған жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді. Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, «Әй, өтпеген-ай. Үйігім екен, бүйігім екен» деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырағын.

Біреуін орысша «сила притягательная однородного» – дейді. Ол – бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнәшкі сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тынышпайды.

Үшіншісі, орысша «впечатлительность сердца» – дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнөмдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрселірің кірлетпей таза сактаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық роушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойына жайылады, тез ұмыттырмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күнгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен оңды ұғым болмайды.

Әрнәшкі тән қуатыменен сырттан тауып, сырттан сақтайсыз, оның аты дәулет еді. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты бар нәрселерін білмесең, сақтай алмаушы едің ғой. Соған ұқсаған іштей жан қуатыменен жиган нәрсенің аты ақыл, ғылым еді ғой. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң – айрыласың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады.

Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боты шығады.

«Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» деген бұрынғы ғалымдар. Баз махфи олмай ол, мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, яғни «сила притягательная однородного» бірлән «подвижной элемент» – бұл екеуі қосылып тұра тұрған нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарар да бұлардан шығады. Мансап сүйіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік, осыған ұқсаған әрбір маскүнөмдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетұғын нәрселер осы екеуінен болады. Бұларды түбегейлеткенде жақсы нәрселерді түбегейлетіп, жаман нәрселерден, яғни жоғарғы айтылушы секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек.

Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл еді ғой. Бір ақыл қуатыбірлән мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуат мұнан салсаң онан шығатын бір жорға атпенен тең.

Егерде бұл екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі қуаттар – бір басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма – құдай білсін, әйтеуір жолда көрген есті, ақылы дұрыс адамдар әлі де сұрамай да қалады. Сенде ерік жоқ. Екі етек жайылып, екі көзін аспанда, маскара болып кеткенің өлгеніңше.

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлжейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады.

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиганы бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиган нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл حرکتке түсінген адамды ақылды дейміз.

«Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» демек, «құдай тағала сеніменен мені бірдей жаратып па?» демек – құдай тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы. Бұл – ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі.

Оған құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсенді ескерме, есіңе сақтама деп пе? Ойын-күлкімен, ішпек-жемек, ұйықтамақпен, мақтанмен әуре бол да, ішіндегі қазынаңды жоғалтып, хайуан бол деген жоқ.

Кейбіреулер айтады: «Ақыл жибили болмаса да, талап – жибили. Талап берген адам ақылды тапты, талабы жоқ кісі таба алмады», – дейді. О да бекер.

Талап балада да бар, оған талас қылуға болмайды. Бағана айттық қой, жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зорайды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнерінің жоғалғандығын және өзінің ол мезгілдегінен бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: «ал, мен жоғалдым» деп, хабар беріп жоғалады. Енді қуасң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

Жан қуаты дейтұғын қуат – бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды. Бірақ әрбір өнердің тыстан тауып алып, ішке салғанын, соның тамырын берік ұстап тұруға жарашуы еді. Көп заман ескермеген адамнан ол бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады. Онан соң қайта кәсіп қылуға болмайды.

Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зинар соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам ұғылы хайуан болды, адамшылықтан шықты.

Біреуі орысша «подвижной элемент» – деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, не есітдің, әрнәшкі білдің, соны тездікпенен ұғып, ұқпандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барды, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозған жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді. Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, «Әй, өтпеген-ай. Үйігім екен, бүйігім екен» деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырағын.

Біреуін орысша «сила притягательная однородного» – дейді. Ол – бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнәшкі сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тынышпайды.

Үшіншісі, орысша «впечатлительность сердца» – дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнөмдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрселірің кірлетпей таза сактаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық роушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойына жайылады, тез ұмыттырмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күнгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен оңды ұғым болмайды.

Әрнәшкі тән қуатыменен сырттан тауып, сырттан сақтайсыз, оның аты дәулет еді. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты бар нәрселерін білмесең, сақтай алмаушы едің ғой. Соған ұқсаған іштей жан қуатыменен жиган нәрсенің аты ақыл, ғылым еді ғой. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң – айрыласың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады.

Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боты шығады.

«Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» деген бұрынғы ғалымдар. Баз махфи олмай ол, мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, яғни «сила притягательная однородного» бірлән «подвижной элемент» – бұл екеуі қосылып тұра тұрған нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарар да бұлардан шығады. Мансап сүйіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік, осыған ұқсаған әрбір маскүнөмдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетұғын нәрселер осы екеуінен болады. Бұларды түбегейлеткенде жақсы нәрселерді түбегейлетіп, жаман нәрселерден, яғни жоғарғы айтылушы секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек.

Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл еді ғой. Бір ақыл қуатыбірлән мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуат мұнан салсаң онан шығатын бір жорға атпенен тең.

Егерде бұл екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі қуаттар – бір басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма – құдай білсін, әйтеуір жолда көрген есті, ақылы дұрыс адамдар әлі де сұрамай да қалады. Сенде ерік жоқ. Екі етек жайылып, екі көзін аспанда, маскара болып кеткенің өлгеніңше.

«ҚАЙТАДАН»:
Отандық киноның жаңа белесі

Отандық олжалы фильмдердің бірі – «Қайтадан» (Qaitadan). Бұл – Қазақстанда алғаш рет апат жанрында түсірілген. Оқиға Алматы облысы, Қызылагаш ауылында өрбиді. Еске салсақ, 2010 жылдың наурызында Қызылагаш су қоймасындағы бөгет бұзылып, ауылды топан су басқан еді. Бұл оқиғада ауыл шетіндегі дамбының жарылуы, апатты жағдайға әкеліп соғады. Жарылу қаупі бар екенін білген, шырылдаған бала ауыл тұрғындарына, ауыл әкіміне айтып ескеріп әлек болады. Бірақ демалыста ауылға келген қала баласының айтқанына ауыл тұрғындары құлақ аса қоймайды. Яғни фильмнің мазмұны мәселені ұшықтармай дер кезінде шешу болып саналады. Түптеп келгенде қоғамдағы мәселені көтергені анық байқалады. Бейкам әкім, көз жұмып жүре беретін тұрғындар, алға ілгері жылжымайтын ауыл. Осы картина бүгінде біраз ауылдың өзекті мәселесі болып тұрғаны анық.

Айта кететін жайт, туындының ерекшелігі – шынайы атмосфераны жеткізу үшін кәсіби құтқарушылар мен арнайы техника тартылған. Сондай-ақ заманауи визуалды эффекттер қолданылып, көріністер әсерлі шыққан. Бұл фильм тек табиғи апатты бейнелеп қана қоймай, шынайы өмірден алынған оқиғаларды арқау етуімен де ерекшеленеді. Кеткен шығында аз емес сынайлы. Фильмнің бас

продюсері Жалын Тілеубергеннің айтуынша, ол пәтерін сатқан.

Фильм үшін жай ғана ауыл емес, толыққанды ауыл тұрғызылған. Оған қоюшы суретшілеріміз бас аяғы 3 ай уақыт жоғалтты. Әсіресе біз үшін судың графикасын жасау қиынға соқты. Уркан сомадағы қаржыны талап етті. Тіпті, пәтерімді сатуға тура келді, – дейді ол.

Расында, бұл фильм табиғи апатты суреттеген алғашқы туынды. Актерлардың да шеберлігі көпшілікті тәнті етті.

Біз, әуел бастан физикалық тұрғыда ауыр сахналарды алып шығатын, тәзімді әрі шыдамды актерларды іріктедік. Себебі картинаның ең күрделі сәттерінің бірі – дамбы жарылған көрініс болатын. Ол эпизодты түсіру кезінде актерлер суға қарсы тұрып қана қоймай, физикалық шыдамдылықты талап етті. Мұздай суда, суықта ұзақ уақыт жұмыс істеу оңай емес. Дегенмен, актерлер өз кәсібиліктерін толық дәлелдеді. Олар бар қиындыққа төтеп беріп, көрерменге нанымды образ ұсынды, – деді Жалын Тілеуберген.

Кеткен шығында өз-өзін ақтаған секілді. «Қайтадан» – Қазақстан кино өндірісінде бұрын-сонды болмаған жетістікке жетті. Үш апта ішінде фильмнің кассалық табысы 1 млрд теңгеден асып, жұмсалған қаражаттан бес есе көп кіріс әкелді. Осылайша, ол отандық прокатта көш басына шықты. Көрермен тарапынан талғамның өсіп, ғарыштаған кезі деп айтуға болады.


Осы орайда көрермен пікірін тыңдадық. Тіптен, фильм алғаш шыққан күннің өзінде билеттер тез өтіп кетіп, анишпа болғанын айтады.

Алғашқы аптада билет табу мүмкін болмады. Сәйтқа кірсем, барлығы сатылып кеткен. Бұл фильмге қызығушылықтың қаншалықты жоғары екенін сол кезде түсіндім. Маған әсіресе ауыл өміріндегі адамдардың жан айқайы, қауіпті сәттегі шынайы сезімдері қатты әсер етті. Фильмде арзан күлкі жоқ, керісінше өмірлік мән бар, – дейді көрермен Гүлбану Абдуллаева.

Шын мәнінде, әзілсіз де сапалы фильм көрерменнің жүрегінен орын таба алатынын «Қайтадан» дәлелдеді.

Мен бұл фильмге келмес бұрын екі бойы «Қызылагаш» ауылында болған жантүршігерлік оқиғаны зерттеп, зерделедім. Интернеттегі деректерді оқып шықтым. Бірақ киноға кірген бойда оқыған оқиғам жан кіргіндей, тұла бойым түршікті.

Басы 1-бетте



Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлттан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мезіне» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3978 Тапсырыс №1686

Нөмірдің кезекші редакторы: Айтқолқы АЙТЖАНОВА